

## "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1343

"Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңының 24-бабына және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. күші жойылды

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.20. N 885 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына : иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлімде: реттік нөмірі 217-1-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне " деген бөліммен және мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 268-жолмен толықтырылсын :

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне :

268. "Қазақстанның Даму Банкі" ЖАҚ";

2) "Қазақстанның Даму Банкі" жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 659 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 232-құжат): 5 және 6-тармақтар алынып тасталсын;

3) күші жойылды

Ескерту. 2-тармақтың 3) тармақшасы мен 2) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші абзацтарының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.09.20. N 885 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

